

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЫСАЛЫНДА АДАМИ КАПИТАЛДЫҢ
ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАҒА ӘСЕРІ****Шамбыл Қажыкелді Әділханұлы**koden2000@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 3-курс студенті,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Карипова А.Т.

2012 жылы 14 желтоқсан күні ҚР Президентінің Халыққа кезекті жолдауында «Қазақстан-2050» Стратегиялық даму бағдарламасы мен Қазақстанның саяси-патриоттық идеологиясы – «Мәңгілік Ел» идеясы туралы мәлімдеме айтылды. 2050 жылы Қазақстан озық дамыған 30 елдің қатарында және ОЭСР аталатын озық мемлекеттер ұйымында мүше болуы жайлы республикалық миссия көрсетілді. Қазіргі жүргізіліп жатқан барлық экономикалық, әлеуметтік, саяси реформалар мен іс-шаралар сол мақсаттарды орындауға бағытталған. «Алдымен экономика, кейін саясат» принципі Қазақстанның өз халқының тұрмыс жағдайын реттеп, кейін әлемдік қауымдастықпен тығыз саяси-дипломатиялық интеграцияда бірлесе жұмыс атқаруына себеп болды. Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар:Рухани жаңғыру» мақаласына сүйенсек, экономикалық жүйе – статикалық конструкция емес, үнемі дамып отыратын «тірі организм». Экономикалық дамудың алғышарты ретінде қазіргі таңда ғылыми-техникалық прогресс пен оны игерудегі адамзат санасы факторлары қалыптасты. Адам Смиттің «көрінбейтін қолы» іспеттес, барлық әлем елдерінің өзара бәсекеге түсіп, оза шабуы адам капиталының дамуын басты себеп қылады. Бұл тұжырымды кезіндегі Сингапур премьер-министрі Ли Куан Ю мен ҚР Президенті Н.Назарбаев еңбектерінен кездестіреміз. Осы бағытта Елбасы авторлығымен 2017 жылы 12 сәуір күні «Егемен Қазақстан» газетінде «Болашаққа бағдар:Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақала жарияланды. Бағдарламалық мақала аясында көрсетілетін идея – мемлекетті дамыту, оның экономикалық немесе саяси реформаларымен жүргізілуі, ел нығаюның тек сыртқы көрінісі іспеттес, кез-келген ұлттық және мемлекеттік дамудың өзегі ретінде адам болып қала бермек. Адамның өмірі, құқығы, бостандығы, білім-дағдылары, бір сөзбен атағанда адами капиталы кез-келген ұлттық экономика дамуының драйвері болып табылады. 2019 жылдан бастап ҚР Президенті ретінде Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2020 жылдан бастау алатын жаңа онжылдықты Қазақстанның болашағы үшін шешуші межелердің бірі болмақ деп атады. 2020 жылғы Президент Жолдауында мемлекет адамға үстемдік жүргізу үшін емес, адамның бақытты өмір сүру үшін құралған деген мемлекеттік басқару моделіне көшу жайлы айтылған болатын. Біз, 2020-2030 жылдарды қазақ халқының тағдыры шешілетін уақыт мезеті деп атасақ, алдымен адами капиталымыздың жай-күйін, оның ұлттық экономика дамуымен арасындағы байланысын нақты механизмдер арасында көрсетуіміз қажет. Себеп-салдарлық байланыстарды анықтап, нақты іс-жүзінде қолдана білсек, сөзсіз, Қазақстан мемлекеті және қазақ халқы үшін 2020-2030-шы жылдар жаңа «алтын ғасырдың» бастамасы болмақ.

Адам капиталы дамуына бағытталған қаражат пен сол капитал мөлшерін ұлттық табыс көлемін ұлғайтуға арналған жобаларға құю – Президент, Үкімет, Парламент алдында тұрған дилемма. Бүгінгі күнде сол сұрақтың шешімін тауып, практикада қолдану Қазақстан Республикасының 30 дамыған елдер қатарына кіріп, «Мәңгілік Ел» идеясын орындау мақсатының процедурасына тікелей үлкен ықпал етеді. Сондықтан да аталған екі экономикалық-саяси іс-әрекеттің арасындағы қайсысын таңдауда балама шығындар ең төменгі деңгейде болып, әрі ұзақмерзімде экономикалық өсім перспективасын беру мәселесі тікелей халықтың іскерлік дағдылары мен біліміне байланыстылығы да қарастырылатын болады. Адам капиталы туралы алғашқы түсінік алғашында жанама күйінде пайда болып өрбіді. Адами капиталды ерекше категория ретінде санап, оны «негізгі капитал» деп атаған ғалым – әйгілі экономист-теоретик Адам Смит. Негізгі капиталды «барлық тұрғындардың немесе қоғам

мүшелерінің пайдалы қасиеттері мен қабілеттері» ойында біріктіріп, адамның қабілеттілігі мен білім, білік-дағдылардың жалпы экономикалық теорияда, капитал ұғымын түсіндіруде қандай орын алатыны туралы 1776 жылы жарық көрген «Халықтар байлығы табиғаты мен себептері туралы» атты еңбегінде жазады.

Ғылымды дамыту, ақпараттық қоғамды дамытудың күрделі қарқынды факторы — адами капиталды құраушы ретінде алдыңғы жоспарға қалыптастыру — ұлттық экономикалардың креативтілігі мен инновациялығын айқындайтын білімді, білімді, денсаулықты, халықтың өмір сүру сапасын және жетекші мамандардың өзін ұсынды. Әлемдік экономиканың жаһандануы жағдайында, АҚ қоса алғанда, кез келген капиталдың елден елге, өңірден өңірге, қаладан қалаға жедел халықаралық бәсекелестік, жоғары технологияларды жедел дамыту жағдайында еркін төгілуі жағдайында. Өмір сүру сапасының өсуі, білім экономикасын, ақпараттық қоғамды құру және дамыту, азаматтық қоғамды дамыту үшін тұрақты жағдайлар жасауда жинақталған сапалы адами капиталы бар елдер де үлкен артықшылықтарға ие. Яғни білімді, дені сау және оптимистік халқы бар, экономикалық қызметтің барлық түрлерінде, білім беруде, ғылымда, басқаруда және басқа да салаларда әлемдік деңгейдегі бәсекеге қабілетті кәсіпқойлары бар елдер [1]. Дамудың басты факторы ретінде АҚ түсіну және таңдау тұжырымдаманы немесе даму стратегиясын әзірлеу және олармен барлық басқа жеке стратегиялар мен бағдарламаларды байланыстыру кезінде жүйелі және кешенді тәсілді білдіреді. Диктат бұл көп компонентті даму факторы ретінде ұлттық АҚ мәні. Бұл диктат елдің креативтілігі мен жасампаздық қуатын анықтайтын мамандардың өмір сүру, жұмыс және құрал-сайманының сапасын ерекше атап өтеді. Әрине, АҚ өзегі адам болды және қалады, бірақ қазір-білімді, жасампаз және бастамашыл, жоғары кәсіби деңгейіне ие адам. Адами капиталдың өзі қазіргі заманғы экономикада елдердің, өңірлердің, муниципалдық құрылымдар мен ұйымдардың ұлттық байлығының негізгі үлесін айқындайды. Сонымен бірге, Ресейді қоса алғанда, дамыған және дамушы елдердің ЖІӨ-дегі білікті емес еңбек үлесі аз, ал технологиялық озық елдерде ол жойылып бара жатқан аз. Сондықтан еңбекті білімді, ерекше дағдылар мен білімді талап ететін білікті емес еңбек пен еңбекке бөлу, бірте-бірте өнеркәсіптік экономика теориясының негізін қалаушылар білімді адамдармен және олардың жинақталған білімі мен тәжірибесімен теңестіретін өнеркәсіптік экономика анықтау кезінде өзінің бастапқы мәні мен экономикалық мазмұнын жоғалтады. Экономикалық категория ретінде өнеркәсіп түсінігі әлемдік ақпараттық қоғамдастық пен білім экономикасының дамуымен бірге үнемі кеңейуде. АҚ теориясы мен практикасы өзіне қандай да бір сиқырлы таяқшаны жүзеге асырғандықтан емес, экономикалық теория мен практиканың уақыт шақыруларына, ХХ ғасырдың екінші жартысында пайда болатын инновациялық экономика (білім экономикасы) мен венчурлық ғылыми-техникалық бизнестің шақыруларына жауап болды [2].

Кең анықтамадағы адами капитал — бұл еңбек ресурстарының қалыптасқан бөлігін, білімді, зияткерлік және басқару еңбегінің құралдарын, тіршілік ету ортасын және еңбек қызметін қамтитын, дамудың өндірістік факторы ретінде АҚ тиімді және ұтымды жұмыс істеуін қамтамасыз ететін экономиканы, қоғам мен отбасын дамытудың қарқынды өндірістік факторы.

Қысқаша: адам капиталы — бұл интеллект, денсаулық, білім, еңбек білік-дағдылары және өмір сапасы.

Адами капитал мен ұлттық экономика дамуы арасындағы сипаттайтын негізгі көрсеткіштердің бірі – екі құбылыс арасындағы вариативтілікті немесе вариацияны аны Адами капиталын статистикалық түрде есептегенде адам даму индексі АДИ қолданылады. Ол әрбір 2 жыл сайын БҰҰ мамандары есептеуі бойынша анықталады [3].

БҰҰ-ның ресми кестелерінде АДИ және ЖІӨ пропорциясы жақындастырылған және ең жоғарғы АДИ параметріне ие 62 мемлекеттің деректері көрсетіледі. Егер де біз АДИ мен жан басына шаққандағы өнімді өзара сипаттайтын болсақ, төмендегі результаттарды алуға болады.

Салыстырмалы түрде мемлекет сәйкесінше адам даму индексі және жан басына шаққандағы ЖІӨ позициялары: Қазақстан 54 және 53 орында, Россия сәйкесінше 44 пен 59 орында, Жапония 17 мен 28, Германия 5 пен 16, Люксембург 19 бен 2, Норвегия 1 мен 6 орын

иеленіп тұр. Ауытқудың ең амплитудалары әр елдерд әр түрлі, дегенмен кесте құрамындағы ОЭСР, ТМД және дамымаған өзге елдер тобы деп 3-ке бөліп АДИ-ЖІӨ амплитудасын, ЖІӨ/жан басына шаққандағы және АДИ позицияларының орташа көлемін анықтап алайық. Деректердегі 60 елді 3-топқа қарастырғандағы орташа көсеткіштер:

1. Дамыған елдер және ОЭСР тобы.

Құрамы: Норвегия, Швейцария, Австралия, Ирландия, Германия, Исландия, Швеция, Сингапур, Нидерланды, Дания, Канада, АҚШ, Ұлыбритания, Финляндия, Жаңа Зеландия, Бельгия, Жапония, Австрия, Оңтүстік Корея, Люксембург, Израиль, Франция, Словения, Испания, Чехия, Италия, Мальта, Литва, Түркия, Польша, БАӘ, Португалия, Венгрия, Словакия, Катар. 35 мемлекет.

Орташа АДИ: 0,875

Орташа жан басына шаққандағы ЖІӨ позициясы: қазіргі есеппен 28-орын алатын позициямен бірдей, яғни Бахрейн немесе Израильмен бірдей 47 мың АҚШ доллары.

2. ТМД және постсоциалистік/совет қарқынды дамушы елдер.

Құрамы: Ресей, Қазақстан, Эстония, Болгария, Румыния, Албания, Малайзия, Белоруссия, Хорватия, Чили, Аргентина, Бахрейн. 12 мемлекет.

Орташа АДИ: 0,821

Орташа жан басына шаққандағы ЖІӨ позициясы: қазіргі таңда 47 орын иелетін мемлекетпен бірдей, яғни Латвиямен тепе-тең көрсеткіш 31 мың АҚШ доллары.

3. Дамымаған немесе экономикалық дағдарыста/депрессия және стагнацияда болып жатқан мемлекеттер.

Құрамы: Сауд Арабиясы, Кипр, Грекия, Маврикий, Сейшель аралдары, Иран, Панама, Сербия, Коста-Рика, Барбадос, Кувейт, Уругвай, Багам аралдары, Черногория, Оман. 15 мемлекет.

Орташа АДИ: 0,865

Орташа жан басына шаққандағы ЖІӨ позициясы: қазіргі таңда 53 орын иелетін ел көрсеткішімен бірдей, нақтырақ Қазақстан немесе Түркиямен тең 27 мың АҚШ доллары.

1. Топтар арасындағы АДИ ауытқу амплитудасы: 1 топ – 2 топ = 0,054

2. Топтар арасындағы ЖІӨ/жан басына көрсеткіші ауытқу амплитудасы: 16 мың АҚШ доллары.

0,001 АДИ бірлігінен айырылу = жан басына шаққандағы ЖІӨ-нің 300 АҚШ долларынан қалыс қалуды білдіреді.

Қорытындылай келе, келесі тұжырымға келуге болады: ұлттық табыс өсімі адами капиталды қалыптастырмайды, бірақ адами капитал ұлттық өсімнің факторы болып табылады. Сондықтан да ұлттық табыс өсімі мен адами капитал дамыту жағдайында екінші категорияны таңдау – баламалы шыңдары аз, әрі оның орнын тез толтыратын нормативтік экономика шешімі мен позитивтік экономика мәселесі болып табылады. «Алдымен экономика, кейін саясат» деген тұжырымды, «алдымен адам және оның сапасы, кейін өндіріс, кейін саясат» деп түрлендірсек, еш қателеспейміз. Жоғарыда аталған екі тұжырым да практикалық тәжірибеде анықталған және дұрыс болып саналады.

Адами капиталдың қазіргі таңда макроэкономикалық есептеуде, ұлттық табыстың алғышарты екенін теориялық тұрғыдан бүгінгі күнде анықтауға болады. Адам даму индексі мен жан басына шаққандағы ЖІӨ арасында төмендегідей тәуелділік байқалады:

1. Адам даму индексіне қарама-қарсы әрдайым ЖІӨ жоғары, себебі барлық мемлекеттерде экономика қалыптастырушы фактор – адам капиталы.

2. Адам даму индексі ЖІӨ индексінен амплитудасы неғұрлым жоғары елдерде экономикалық өсімнің ең тиімді әрі шапшаң формалары байқалады.

Пайдаланылган әдебиеттер тізімі

1. Mincer D. the Production of human capital and the life cycle of earnings: variations on a theme [Electron.resource.] – 1997. – URL: https://econpapers.repec.org/article/ucpjlabec/v_3a15-47.htm (дата обращения: 11.10.2019)
2. Denison, E. F. Analysis of US economic growth from 1929 to 1969 [Electron.resource.] – 1974. – URL: <https://www.questia.com/library/91824823/> (дата обращения: 12.10.2019)
3. Human development reports [Electron.resource] – URL: <http://hdr.undp.org/en/global-reports> (дата обращения: 02.11.2019)